

## Титан өнеркәсібі туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 20 сәуір 1994 ж.  
N 155-ө

"Қазақстан Республикасында титан өнеркәсібін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысын одан әрі жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Қазақстан түсті металдары" ұлттық акционерлік компаниясы, "УКТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы "КАТЭП" және "Қорғау" ұлттық акционерлік компанияларын қатыстыра отырып әрі "Қазгипротүстімет" институтын тартып 1994 жылы маркетингтік зерттеу негізінде титан өнеркәсібін дамытудың тереңдетілген тұжырымдамасы мен схемасын әзірлесін.

"Қазгипротүстімет" институты Қазақстан Республикасының титан өнеркәсібін дамыту жөніндегі басты ұйым деп айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі: "Қазгипротүстімет" институтына Қазақстан Республикасының титан өнеркәсібін дамытудың схемасын әзірлеу үшін қажетті геологиялық материалдық кадастр бойынша беретін болсын;

республиканың титан және магний шикізатының перспективалық кеніштерінде (Бектемір, Славян, Литовоч, Қарағаш және басқалары) геологиялық барлау жұмыстарын жеделдетсін, жоғары сапалы титан-цирконий төгінділерінің жаңа кеніштерін іздестіруді жүргізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Қазақстан Республикасынан баратын кеуек титанға демпингке қарсы бажды алып тастау туралы АҚШ Үкіметіне тілек білдіретін болсын.

4. Кеуек титанның, магний ұнтағының, скандий өнімдерінің Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тұтынылмайтынын ескеріп, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "УКТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясына титан-магний комбинатының аталған өнімін экспортқа шығаруға бас лицензия берсін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК